

**«6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған
Фариза Кенжеғалиқызы Исмаилованың
«Дипломатиялық дискурстың коммуникативті-прагматикалық аспектісі»
атты диссертациясына отандық кеңесшінің**

ШКІРІ

Жалпыадамзаттық құндылықтарды саралағанда бір кезеңдерде «сарай әдебі», «ақсүйектер әдебі», «елшілік әдебі» дегендер болғандығы белгілі. Бұлардың қазір уақыт ағынына қарай кейбірі ұмытылып, кейде сарқыншақтары да сақталған. Ондағы басты мәселе сөйлеу әдебі болған. Адамдар өздерін соған тәрбиелеген. Сөзге қонақ берген қазақ халқында да сөйлеу әдебі бірінші орында болған. Ұлттық әдеп нормаларынан қалыптасқан қазақы сөйлеу әдебі ұлттық таным мәдениетімен, яғни когнитивтік мазмұнмен, ұлттық мінез, ұлттық болмыспен астасып жататын күрделі дүние. Сондықтан қазақ даласында салтанат құрған дала дипломатиясынан тартып зерттеген бұл жұмыс бүгінгі таңда өзіңді-өзің тануда, ұлтқа тән қасиетті құндылықтарды құрметтеуде, ұлттың рухани кодын жаңғыртуда аса қажет болып отыр.

Қазақтың бай тілі, әдебі, мәдениеті, тарихы, сыртқы елдермен байланыс жасау стратегиясы, мұның барлығы қарым-қатынас арқылы іске асады. Оны іске асыратын елшілер, яғни дипломаттар. Солардың сауатты сөйлеу мәдениеті дипломатиялық дискурсты қалыптастырады. Сондықтан жұмыста елшінің бойындағы *сөз саптау деңгейі; ұлттық таным деңгейі; қоғамдық ойының сипаты; интеллект деңгейі* тілдік талдаулар арқылы көрініс табады.

Бұдан қазақ елінің ішкі, сыртқы қарым-қатынасының функционалды парадигмасында дипломатиялық дискурсты тарихи және қазіргі кездегімен салыстыра, салғастыра қарастыру мәселесі көрінеді. Жұмыстың өзектілігі осында деуге болады.

Демек, заманауи ғылым тұрғысынан дипломатиялық дискурсты тілдік құбылыс ретінде зерттеп-зерделеп, сөйлеушінің мақсат-ниетін жүзеге асыру кезінде қолданылатын лингвистикалық және экстралингвистикалық құралдардың қызметін, міндетін айқындап, лексика-грамматикалық, прагмастилистикалық жағынан өзгертін және өзгермейтін ерекшеліктерін көрсетіп, дипломатиялық мәтіндердің мазмұнын, композициясын, дыбыстық тілді коммуникативті талдауда зерттеудің мәні зор деп ойлаймыз.

Докторант зерттеуінде алдымен тілтанымдық талдауларға жүгінеді. Дипломатиялық қарым-қатынас ежелден келе жатқан сөйленім түрі. Ол ресми іс қағаздар түріне жатқанымен, өзінің айтарлықтай ерекшелігі бар. Яғни тілі ресми болғанымен, ішкі мағынасы, мәні, белгілі бір мәселені, жағдайды көтеруі, көрсетуі, анықтауы тұрғысынан әртүрлі болып келеді.

Дипломатиялық мәтіндерде баяндау үшінші жақтан беріліп отыратындығын, мәтін негізінен объективті сипатта болатындығын, баяндауда нақты деректер ғана беріліп, ойталқы аз кездесетіндігін жұмыстың өн бойында тілдік мысалдар арқылы жеткілікті дәлелдейді. Мәтін теориясы бойынша

дипломатиялық мәтіндердің барлығы сақиналы байланыс арқылы жазылады. Яғни болған немесе болатын әрекет, оқиға уақыттық жүйеге, логикалық жүйеге негізделе отырып, саяси реттілік тәртібімен, субординациялық тәртіппен жазылатындығын да көрсетеді. Сондықтан мұнда ресми ісқағаздарындағыдай нормалар сақталғанымен, штамптар мен стандарттық тіркестер толық сақтала бермейді.

Орта ғасырдан бастап дипломатиялық мәндегі термин сөздер қалыптаса бастаған. Ондай мәтіндердің композициялық құрылымында қазіргі дипломатиялық нотаның элементтері сақталған. Жұмыста бұлар да нақты тілдік деректермен дәйектеліп отырады.

Сондай-ақ мәдениеттанымдық тұрғыдан зерделеу барысында ДД-қа «жұмсақ күш», *халықтық дипломатия, қоғамдық дипломатия, мәдени дипломатия, ресми дипломатия, сыртқы қатынастар, саяси дипломатия, келіссөздер жүргізу өнері, стратегиялық коммуникация, «насихат»* секілді концепциялық ұғымдар балама дискурс ретінде жиі қолданылатындығын айқындап, әрқайсысының ерекшеліктеріне тоқталады.

Елші мемлекет атынан сөйлейді, ұлттық мүддені қорғайды. Елші болу дипломат қызметінің шырқау шыңы, асқан жауапкершілік. Зерттеуде бұлар «елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан», т.б. прецедентті ұғымдардың прагматикалық әлеуеті талданған.

Ал тарихи танымдық тұрғыдан қарастыру барысында сонау көшпелі қоғамның өзінде дипломатиялық қатынастар болғандығын ресми хаттар негізінде дәлелдейді. Дала дипломатиясы сонау ежелгі сақ, ғұн, үйсін, қанлылардың тұсынан бастау алады. Қазақ дипломатиясының тарихы да тереңде. Қазақ ордасын құрған хандар дәуірінде де қазақтың өз дипломатиясы болған. Көрші елдермен қарым-қатынас орнатқан. Оның тарихи алғышарттары Жәнібек пен Керей, Қасым хан, Хақназар, Тәуекел, Есім хан, Жәңгір, әз Тәуке, Абылай, Әбілқайыр хандардың екі елді ымыраға, мәмілеге шақырып отырған құжаттары арқылы көрсетілген.

Қорыта келгенде, ізденуші Фариза Кенжеғалиқызы Исмаилованың «Дипломатиялық дискурстың коммуникативті-прагматикалық аспектісі» атты диссертациялық жұмысындағы ғылыми ой-тұжырымдар маңызды саналады әрі отандық лингвориторика, лингвосаясаттану, лингвопрагматикалық зерттеулердің дамуына белгілі бір деңгейде үлес қосатын толық аяқталған жұмыс деуге болады деген пікірімізді білдіреміз.

Ғылыми жетекші:
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың профессоры,
филология ғылымдарының докторы



Фариза Кенжеғалиқызы Исмаилованың